

Тақырыбы: дегелек


Орындаған: Маратов Е.Ж.
Тобы: 201
Тексерген: Ахметжанова Н.Б.

Астана 2016

Жоспар:

- Дегелектің тұқымдастары
- Дегелек түрлері
- Қорытынды
- Пайдаланған әдебиет

- **Дегелек тұқымдастар** (лат. *Ciconiidae*) – Дегелектәрізділер отрядының 10 туысқа біріктіріліп, 17 туыстан құралған, конус пішінді ұзын, тік тұмсықты, ірі денелі құстар. Олардың тырнаққұтандардан айырмашылығы – тұмсығы тік, ал құтандардан айырмашылығы – мойны едәуір қысқа (17 омыртқалы). Қазақстанда дегелектердің бір туысының өкілдері кездеседі



Ақ дегелек

- Ақ дегелек (*Ciconia ciconia*) – дене тұрқы біршама ірі құс. Оның салмағы орта есеппен 3,5-4 келідей, бойының биіктігі 1 метрге жуық. Қанаттарының ұзындығы 60 – 70 сантиметр, ал тұмсығының ұзындығы 20 смантиметрдей. Тұмсығы түбінен ұшына қарай жіңішке болып келеді.
- Ақ дегелектің денесіндегі жабын қауырсындарының ақ түсті болуына сәйкес «ақ дегелек» деп аталған. Оның қанаттарындағы шалғы және ара қауырсындарының шеткі ұштары шымқай кара түсті болып, жылтырап тұрады.



- Ақ дегелек басқа құстар сияқты анық дыбыс шығармайды, тек ұя салған және жұп құрған кезде ғана тұмсықтарын бір-біріне соғып, таңдай тақылдатқандай дыбыс шығарады. Олар жұптарын өмір бойы жазбай бірге өткізеді және бір салған ұясына ұзақ жылдар бойы (20 жыл, тіпті одан да көп уақыт) келіп, жұмыртқа салып, балапан өрбітеді.
- Бұл құстың түрі қазіргі кезде еліміздің Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының аумақтарында ғана кездеседі, бірақ саны өте аз. Ол елімізге наурыз айында келіп қазан айында Қытай мен Индияның оңтүстік аймақтарына барып қыстайды.
- Дегелектер негізінен жануартекті қорекпен, яғни жәндіктермен бірге, көлбақалармен және көбіне су жыландарымен т.б. қоректенеді. «Жылқының жауы – бөгелек, жыланның жауы дегелек» - деген мақал оның көбіне жыланмен қоректенетінін нақты аңғартып тұр. Кейбір қазақша сөздіктерде дегелекті жыртқыш құс деп жазады. Бұл мүлде дұрыс емес ұғым. Өйткені жыртқыш құстарға тек сұңқартектестер мен жапалақтектес құстар ғана жатады.

- Ақ дегелектің Қазақстан аумағында ерте кездерде таралғандығы туралы жазба тарихи деректер атақты тарихшы Мұхамед Хайдар Дулати (1499 – 1561) бабамыздың «Тарихи – и Рашиди» деген еңбегінде ертедегі Тараз өңірінде кездесетіні нақты атап жазылған.
- Ақ дегелек Қазақстанның Қызыл кітабына (2010) жойылып кету қаупі төнген түр ретінде бірінші санатына тіркелген. Туған өлкеміздегі көңілімізді көтеріп, шабытымызды шалқытып, жүрегімізге жақсылық сезімін ұялататын, әрі ата - бабаларымыз киелі деп саналған аң – құстарымыздан аялы алақан мен жүрек жылуын аямай, оған үнемі қамқорлық көрсетуді ұрпақтарымыздың санасына сіңіре беруге ұмтылайық!



Қара дегелек

- **Қара дегелек** ([лат. *Ciconia nigra*](#)) - саны тұрақты сирек кездесетін түр.
- Сидамсирақтылар отрядына жататын құс. Дене тұрқы 100 см шамасында, қанатының ұзындығы 52-59 см, құлашы 200 см-ге жуық, салмағы 3-4 кг. Сирақтары, тұмсығы, көзінің айналасындағы жалаңаш тері қызғылт келеді. Түсі жасылқара, бауыры ақ. Мойынын созып, сирақтарын жинамай ұшады. Жартасқа салған ұясын бірнеше жыл бойы пайдаланады. Талшіліктен құрастырып, түбіне мүк төсейтін ұясының биіктігі 40 см, 2-5 жұмыртқа салып, 35 тәулік басады. Қосмекенділермен, балықпен, су жәндіктерімен, ұсақ сүтқоректілермен қоректенеді.
- Қазақстанда орманды, таулы аймақтарда таралған, кейде тіпті ағашы жоқ жартасты тауды да, жазықты да мекендейді. Қазақстандағы жалпы саны 300-дей, негізгі мекендейтін жерлері - [Алтай](#), [Жоңғар Алатауы](#) және [Тянь-Шань](#) таулары. Ұя маңындағы мазасыздыққа төзе алмайды. Бұл құсты сақтау үшін ұяның айналасынан радиусы 0,5 шақырымнан кем емес тыныштық аймағын ұйымдастыру керек.

- **Мекендейтін жерлері**
- Жартасты тау шатқалдары, оңтүстіктегі ксерофитті шағын ормандардан [Алтайдағы](#) қылқан жапырақты тайгаға дейінгі жазық және тау ормандары.
- **Саны**
- Көп емес. Біздің және әдебиет көздері бойынша Қазақстанда 150 жұптан артық емес, оның ішінде [Батыс Тянь-Шаньда](#) 20 жұптай, Солтүстік Тянь-Шаньмен Жоңғар (Жетісу) Алатауында – 10, Алтайда – 100-ге жуық, [Орталық Қазақстанда](#) 5-10 жұп. Көрсетілген аудандарда 40-қа жуық [ұя](#) белгілі. Алтайда қара ләйлектің саны соңғы жылдары көбеюде, толықтай алғанда Қазақстан бойынша біршама тұрақты. XX ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында күзгі [миграцияалды](#) және миграциялық топталу Қазақстанның шөлді аймақтарында байқалады, радиобелгілеу бұл аймақ арқылы [Сібірде](#) ұялайтын дегелектердің біршамасы ұшып өтетіні бақыланған.



Қорытынды

- **Дегелектер** (лат. *Ciconia*) – [дегелектәрізділер](#) отрядына жататын құстардың бір тұқымдасы.
- Дегелекті кейбір зерттеушілер «лэйлік» деп жазады, қазақ халқы оны «дегелек» деп атайды. [Қазақстанда](#) дегелектің 2 түрі: [ақ дегелек](#) және [қара дегелек](#). Олардың санының жылдан-жылға азаюына байланысты қорғауға алынып, Қазақстанның «[Қызыл кітабына](#)» енгізілген.
- Халқымыздың ежелден қалыптасқан дүниетанымында табиғатта кездесетін өздеріне етене таныс өсімдіктермен жабайы жануарлар жайлы қалыптасқан ұлттық ұғымдарда, сол өсімдіктермен жануарлардың өздеріне және олардың тіршілігіне тікелей қатысы бар дәйекті деректерді байқауға болады. Мысалы, дегелек жайындағы ұлттық ұғымдар тікелей дегелектің өзіне тән ерекшеліктерін толық аңғарта алады деп атап айтуға болады. Мысалы, «Дегелек келді, жаз болды, бала - шаға мәз болды» - деген мәтел дегелектің жыл құсы екендігі айқын аңғартып тұр. Ал, «Барады дегелектей зырлап өмір», «Дегелектей жылдар жылжып барады» деген ұғымдар жыл құсындай өмір өтіп барады деген ұғымды білдіреді. «Қарайсың дегелекше мойын соза» (Сүйінбай Аронұлы), «Бойы дегелектей сарайып кетті» (Өтебай Тұрманжанұлы), «Дегелектей жүрегі жұқа ата-ананы көрмедім» (Есенғали Раушанов) деген ұғымдар дегелектің мойнының ұзындығы әрі бойының биіктігін және оның балапанына деген мейлінше мейірімділігін аңғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1. М.Х.Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы, 2003
- 2. Дербісәлиев Ә. Мұхаммед Хайдар Дулати: Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. – Алматы: М.Х.Дулати қамқорлық қоры, 1999. – 160б.
- 3. Қазақстан тарихы. (Ежелгі заманнан бүгінге дейін) 5 томдық. 2 т. – Алматы, 1998.
- 4. М.Х.Дулати – мемлекеттік қайраткер, көрнекті ғалым-тарихшы. Белгілі ғалым-тарихшы М.Х. Дулатиға арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. 13-15 наурыз 1997 ж.
- 5. Қазақстан және Орталық Азия: Тарих, қазіргі уақыт және болашақтағы дамудың көкжиектері. ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған М.Х.Дулати шығармаларының IV Халықаралық оқулары материалдары. 29-31 мамыр, 2001ж. – Тараз: ТарМУ, 2001. – 409б.
- 6. М.Х.Дулатидың 510 жылдығына арналған "VI Дулати оқулары". 1 бөлім: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 16-17 қазан 2009 ж. – Тараз: ТарМУ, 2009.
- 7. "VI Дулати оқулары". Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 20-21 сәуір, 2012ж. – Тараз: ТарМУ, 2012.
- 8. Жеменей, И. "Тарих-и Рашиди" еңбегінің тарихи әлемі. М.Х.Дулаттың 510 жылдық мерейтойына арналады / И Жеменей, А. Абдуалы.- Алматы, 2009.- 224б.

Назарларыңызға рахмет!!!